

## **МӘДЕНИ МҰРА МЕН ХАЛЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ**

**Мәншүк Озғанбайқызы Сұлтанова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
аға оқытушысы

### **Резюме**

В данной статье рекомендуется широко внедрит в учебный процесс высших учебных заведений новые инновационные методы преподавания культурного наследия и народного прикладного искусства при обучении студентов к художественному образованию и созданию их творческой способности.

### **Summary**

In this article, it is recommended widely will introduce in educational process of higher educational institutions new innovative methods of teaching of a cultural heritage and folk applied art when training students to art education and creation of their creative ability.

Жоғары оқу орындарында студенттерге көркемдік білім беріп, олардың кәсіптік және шығармашылық қабілетін қалыптастыру барысында мәдени мұра мен халық қолданбалы өнерін оқу процесінде жаңаша инновациялық сипатта пайдалануды ескеруіміз керек.

Болашақ педагогті көркемдік санаға, жалпы адамзаттық құндылықтарға ие (шығармашылық, белсенділік, мақсатқа ұмтылушы, т.т.), өзі де және оқушыларды да шығармашылықпен айналысуға ынталандыруға қабілетті мәдениет адамы ретінде қарастырамыз. Дегенмен шешуші орындардың бірін педагогикалық ұжымда жасақталған мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламалары алады. Қазіргі жағдайда бұлар бұрынғыға қарағанда жаңа талаптарға икемделген. Оқу мазмұны студенттердің көркемдік педагогиканы, қазіргі көркем білім беру тұжырымдамалары мен идеяларын, оқушылардың көркемдік іс-әрекетін және олардың шығармашылық дамуын басқаруда педагогикалық-психологиялық білімді меңгеруі, әлеуметтік-мәдени тәжірибені игеруге бағытталған тұлғалық бағдарлы дидактика ережесімен таныс болғаны абзал. Психологиялық-педагогикалық ғылым мен практикада жинақталған белгілі - бір білім қорын меңгере отырып, студент тәжірибе жинақтайды, педагогикалық практика кезінде оны дамытып, жаңғыртады.

Студенттердің оқу барысында меңгеретін көркем білімнің тұлғалық-бағдарланған технологиясы студенттермен жұмыс істеуде, өзара көмек беріп, шығармашылық қызығушылығын құрметтеуге, т.т. итермелейтін өзара түсіністіктің жаңа тұрпатын түсінуге мүмкіндік жасайды.

Болашақ мамандарды дайындау мазмұнының жаңашылдығы оларда әлемнің көркемдік бейнесі жөніндегі жүйелі түсінік қалыптастыру, ғылыми, тұрмыстық, «халықтық» білімді меңгерту, жеткіншек ұрпақты эстетикалық, көркемдік тұрғыда тәрбиелеуге игі әсер ететін құндылықтарды игерту болып табылады.

Жоғары оқу орындарының оқыту методологиясында оның мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, жаңа инновациялық әдістемелерді пайдаланған дұрыс деп санаймыз:

1) дәрістік-семинарлық әдістеме өзінің құрылымы жағынан қазіргі жұмыс талаптарына сәйкес келе бермейді. Ол, әсіресе, студенттердің өзбетінше жұмыс істеу белсенділігіне тиімді қызмет атқара алмайды;

2) «мәдени мұра» бойынша студенттерді мектепке дайындау тек қана педагогикалық мақсатты емес, сонымен бірге ғылыми мақсаттарды да көздейді. Жалпы реферат және курстық жұмыстар дайындау барысында, сонымен бірге арнайы пәндерді оқыту әдістемесінен, өнер тарихы мен теориясы, т.б. пәндерден берілген мәселе бойынша дипломдық жұмыстар да қорғалады.

Осы себептерге байланысты біз студенттер үшін өзбетінше жұмыс істеуге бағытталған, әрі олардың ғылыми, ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған, кәсіби деңгейін жетілдіруді көздейтін іс-әрекетке бағыттадық. Оқыту барысында проблемалық оқыту әдісі, дискуссиялар, диспуттар, сыни талдаулар, презентациялар және тағы басқа әдістер пайдаланылады.

Қазақ мәдени мұрасы мен халық қолданбалы өнерінің арнасы өте кең, түрі сан алуан. Бұған мысал ретінде Қазақстанда қазан төңкерісіне дейін металл өңдеу, сүйек пен мүйіз ұқсату, тері ұқсату мен етікшілік, тас өңдеу, ағаш ұқсату, тоқымашылық, т.б. сияқты салаларының дамып жетілгенін атасақ та жеткілікті.

Мәдени мұра арқылы болашақ мұғалімдердің шығармашылығы мен кәсіптік деңгейін жетілдіру барысында студенттің бойында көркемдік тәрбие қалыптастыру, сол арқылы оның практикалық және теориялық әдістемені барынша жоғары деңгейде меңгеруіне жағдай

жасау. Қазақтың дәстүрлі мәдениетін зерттеген орыс тарихшылары олардың тәрбиелеу дәстүрін сипаттағанда «Қазақта балаға әкеден гөрі ана көп қарайды, қыздарын үй ішіндегі өнердің бәріне үйретеді» деп жазған [1]. Бірақ бала тәрбиесінен ер адамдар да қалыспаған. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дейді қазақта. Оған айтарымыз әр түрлі қолөнер кәсібіне балаларды әкелері, ауылдың тәжірибелі, салиқалы қарттары, өнер иелерінің шеберлері де баулып отырған.

Қазақтар ер балаларын - ұсталық, етікшілік, зергерлік, үйшілер, ершілер, т.б. өнерін, қыздарға кілем, алаша, ши, кесте, бау, құр тоқу, киіз, текемет басу, сырмақ сыру, киім тігу т.б. түрлерін меңгертуге тырысты. Соның негізінде балаларын жастайынан еңбек етуге, үнемділікке үйретіп, әсемдікке баулыды; олардың бойына адамгершіліктің тұғырын қалау мен денесін шынықтыруды; ақыл-ойын өсіруді, өз бетінше өмір сүру мен кәсібилікке даярлауды мақсат етті. Осы ниетпен олар өз тәжірибелерінде ақыл-кеңес беру, үлгі-өнеге, үйрету, көрсету, түсіндіріп тоқыту, жаттықтыру, салыстыру, шандыру, сендіру, қолдау, мақтап-марапаттау, әңгімелеу, т.б. әдістерін пайдаланды. Және әдіс-тәсілдерді қолдану барысында да балалардың жас ерекшеліктерін ескерді, мәселен, тоқыма өнерінде жіп сабақтау, жүн түту, құрақ кию, құрау, кесте тоқу сияқты жеңіл, оңай қимылдарынан бастап киіз басу, кілем тоқу, алаша тоқудың қиын, күрделі жолдарына қарай меңгертілді.

Енді болашақ бейнелеу өнері пәні мұғалімінің кәсіптік деңгейі мен шығармашылық мүмкіндігін дамытуға бағытталған тәжірибелі-экспериментті жұмыс барысында осы аталған мәселелерге орай нақтылы міндеттер қойып отырдық. Мұндағы басты мақсаттардың бірі студенттерді бағалаудың белгілері мен деңгейлері анықтау және олармен жасалған іс-тәжірибелік жұмыстың бағытын анықтауға ұмтылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс анықтап белгілеуші және қалыптастырушы іс-тәжірибелерден тұрды. Әрі бұл іс-тәжірибе бірнеше кезеңдерді қамтыды. Ол кезеңдерді біз репродуктивті іс-әрекет, нормативті іс-әрекет және өзіндік шығармашылық іс-әрекет деп бөлдік.

Репродуктивті іс-әрекет кезеңінде студенттің кәсіптік педагогикалық білімінің, біліктілігі мен дағдысының ауқымы мен мазмұны қанағаттанарлық деңгейде болды. Оқу ісінде оның тұрпатты

міндеттерді шешуге ғана мүмкіндігі болып, келесі кезеңге өтуге жағдай жасады.

Нормативті іс-әрекет кезеңінде студенттердің шығармашылығы өздерінде бар білімді іскерлікпен іске жаратуға мүмкіндігі болды. Бұл кезеңде студенттер іскерлікті және практикалық дағдыны меңгерді, берілген міндеттер мен проблемаларды шығармашылықпен шешуге үйренді, талдауға, басты нәрсені бөліп қарастыруға, жалпылауға машықтылықтарын қалыптастырып, пікір білдіруге үйренді.

Өзіндік шығармашылық іс-әрекет болашақ мұғалімдердің педагогикалық қабілетін дамытып, білімін, іскерлігін, дағдысын дамыған жүйе ретінде қалыптастыруға бағытталды. Бұл кезеңде студенттер көркемдік, педагогикалық міндеттерді шешуге барынша белсенділік танытып, оларды өзбетінше шеше білуге үйренді.

Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі жан-жақты болуға тиіс. Оның себебі ол кескіндеме, графика, мүсін өнері, сәулет, қол өнер және дизайн салаларынан дәріс беріп, осылардың әрбіреуінің өзіндік ерекшеліктерін ұқтыруға тиіс. Сонымен бірге жай ғана ұқтырмай осы өнер түрлерін қабылдауға және осылардың негізінде практикалық жұмыс істей білуге қабілетті болуы керек. Мәдени мұра көздері осылардың әрбіреуімен байланысты десек болады. Өйткені кешегі бейнелеу өнері ескерткіштері, соның ішінде Ә. Қастеев, М. Қалымов, С. Айтбаев, т.т. шығармалары қазірдің өзінде ұлттық мұра ескерткіштерін құрайды дегенге кім келіспейді? Ал енді әріге кетсек, графикалық пиктограммалар, мүсіндік балбалтастар, ат әбзелдері мен әшекейлерден тұратын қол өнері, түрлі қорымдардағы сәулеттік ескерткіштер, киіз үй мен дәстүрлі киім үлгілерінің дизайндық мүмкіндіктері мұның бәрі бейнелеу өнерінің пластикалық мүмкіндіктерін айқындайды және оны көркемөнер сабағы ретінде жүргізуге мүмкіндік жасайды. Әрі бұлар қазіргі өнер үшін де бастау көзі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2005 жылғы жолдауында «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру, сөйтіп өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту қажет» деп атап көрсетті [2].

Студенттердің мектептегі шығармашылық белсенділігі оқушылармен практикалық іс-әрекетпен шұғылдану барысында пайда болады. Бұл жағдайда студенттер проблемалық оқу үдерісін ұйымдастырады. Проблемалық оқу үдерісі ізденісті, иілімділікті, ойлау

сонылығын қажет етеді және осы мәселелердің міндеттерінің күрделенуі өзбетінше шығармашылық іс-әрекетті күрделендіріп отыруға әкелді.

Студенттің мәдени мұра ескерткіштері мен көркемөнер шығармаларының идеясын аша білуі, осы идеяның мәдениет пен жеке шеберлердің шығармашылығындағы рөлін көрсете білуі мектепте оқушылармен табысты жұмыс істеуге қолайлы жағдай тудырады деп ойлаймыз.

Студенттердің мәдени мұра және халық қолданбалы өнері жөніндегі мағлұматтарын кеңейтуі, көркем өнер, мәдени, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді оқып меңгеруі, өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін жетілдіруі онымен бірге байқампаздылығын, талдау машықтылығын, түйсіну дағдысын, өзбетінше ойлау белсенділігін арттырады деп есептейміз. Мұны біз мәдени мұра ескерткіштері мен бұйымдарын параллельді түрде меңгеруге көмектесетін әдіс деп есептейміз.

Біз мәдени мұраның екі бағытының бірі болып саналатын қазақ халқының сәулет ескерткіштеріне Маңғыстау өңірінен мысалдар келтіре отырып тоқталайық. Осы жерде арнайы айта кететін бір мәселе, барлық сәулет өнері халық қолданбалы өнерімен тығыз байланыста дамиды.

Мәдени мұраның бағдарламасында елімізде тарихи-мәдени ескерткіштеріміздің саны 25 мыңнан асады деп көрсетілген [2]. Ал енді осының 13 мыңнан астамы Маңғыстау даласында орналасқан. Маңғыстау ескерткіштері өзінің сонылығымен ерекшеленеді. Ескерткіштер түзілімінің әр түрлілігі, қолданылған жергілікті материал ерекшелігі мен соны техникалық әдістер, осы аймақтың бүкіл территориясына олардың жиі орналасуы бұл өңірдің өзіндік келбетін анықтайды.

Қойтас, арқар тас, құлпытастардың әрбіреуінің көркем пластикалық түзілімінің бір-бірін қайталамауы, олардың әрбірінің аяқталғандығы мен тұтастылығы, форма жасау мәдениетінің халықтың қалыптасқан дәстүрлі рухына бағынуы оларды салыстыра қараған адамды таң қалдырмай қоймайды. Бұл ескерткіштердің әрбіруі аяқталған өз алдына соны дүние. Осы ескерткіштердің кескіні, пластикалық түзілімі, өлшемі, масштаб қатынасы, әшекей нақыштарының салыну реті әр түрлі болып келеумен бірге, олардың жалпы кешенге (ансамбльге) үйлесімдік қасиеті сақталып отырады.

Маңғыстауда ғана кездесетін орта ғасырлық жерасты мешіт-ғимараттарының әлемдік сәулет өнерінде алатын орны бөлек. Шопан-Ата, Шақпақ-Ата, Масат-Ата, Қараман-Ата, Бекет-Ата, Сұлтан-Ене, Кенға-Баба, Дүлдүл-Ата, т.б. жерасты ғибадатханалары осы кезеңге дейін жеткен ең көрнектілері. Жер асты ғимарат-ескерткіштері - үлкен шеберліктің, зор мәдени жетіктіліктің, биік талғамның жемісі.

Сағана тамдар мен төрткұлақ кереге тамдар төбесі ашық пәтерге ұқсайды. Сағана тамдардың алдыңғы қапталын артқы жағымен салыстырғанда еңселі болып келеді. Қабырғалары, көбінесе, әбден өңделген екі қабат плиталардан құрастырылады. Олардың араларына тас сынықтары мен үгінділері толтырылады. Қиюластыра қаланған тақта тастардың жігі білінбейді. Есік маңдайшасы көбіне бедерлі оюмен әшекейленеді. Ал, керегенің ішкі жағына ою-өрнекпен бірге кебіс, мәсі, шыны-аяқ, қару түрлері, самаурын сияқты үй бұйымдарының суреттері қара, қызыл, жасыл бояулармен салынады.

Осы мәдени мұраны тарихи түр ретінде қалыптастыратын да, болашақ ұрпаққа жеткізетін де оның дәстүрлік сипаты, яғни халық қолданбалы өнерін ескере отырып қалыптастыру болып табылады. Дәстүр халықаралық баламада латынның «беру», «жеткізу» деген түсініктерінің негізінде қалыптасқан. Бір жағынан ол материалды және рухани құндылықтарды нысан ретінде сақтаушысы болса, екінші жағынан әлеуметтік мұраланудың үдерістері мен тәсілдерін белгілейді. Сондықтан да дәстүрдің мағынасы зор.

Халықтың рухани таным-түсінігін жетілдіріп, көркемдік талғамын кемелдендіру үшін осы күнге дейін толықтырып жинақталған аса бай рухани игіліктерді игеріп, танып білмей ілгері аттау мүмкін емес. Өткеннің тарихи тәжірибелері бүгінгі талғам-түсінігіміздің қалыптасуына әсер етсе, алдағы өмір кезеңдері біздің бүгінгі шыққан биігімізді баспалдақ етеді. Өткен мен бүгінгіге ғана емес, болашаққа да жауапкершілікпен, сеніммен қарау - тарихи сезімі шыңдалған, уақыт сабақтастығын түсініп қабылдайтын, сезінетін ұрпақтар үлесі екендігі даусыз. Олардың міндеті тарихи мұраларды келер ұрпаққа толық сақталған күйде жеткізу. Тарихтың, мәдениеттің асыл айғағы ретінде бұл ілкі мұраларды әлі де алдағы талай ұрпақ тамашалай берулері тиіс.

Университетте жақсы мамандарды дайындау мәселесі осыдан шығады. Мәдени мұраны барында дұрыс түсінген, бойына сіндірген маман жақсы туындылардың тууына түрткі болады. Ал нашар маман

бұрынғының өзін бүлдіруге бейім тұрады. Бұл жөнінде кезінде Виктор Гюго өзінің «Париж қасиетті анасының ғибадатханасы» атты шығармасында мысал келтіре отырып айтқан болатын. В.Гюго Париждегі атақты ғибадатхананың бұзылуында уақыт таңбасынан гөрі оны жөндеуге ат салысқан әр кезеңдегі сәулеткерлердің кінәсін баса айтады [4]. Ескіні жаңғырту жаңа нәрсені туғызудан да қиын. Өйткені ескіні қайтадан жаңғырту үшін алдымен оның бұрынғы қалыптасқан және дәстүрлі заңдылықтарын білуі керек.

Егер біз мәдени мұраның негізінде ұлттық көркемөнер келбетінің өзіндік белгілеріне тоқтап, өзіміз үшін маңызды деп есептелетін проблемаларды атайтын болсақ, төмендегі міндеттерді ескеруге тура келеді:

1. Кеңес үкіметі тұсында шындалған бейнелеу өнеріндегі ұлттық тақырып, колорит, қолтаңба, стиль, көркем мектеп және дәстүр мәселелерін қарастырған уақытта ұлттық рухани бастаулардың әсер деңгейін ескеруіміз керек.

2. Мәдени мұра синкретті өнердің негізінде қалыптасқан халықтық дәстүрлі шығармашылық деп айтамыз. Оның табиғи мүмкіндіктерін өнердің басқа түрлерінен ажыратып бөлек қарастыру мүмкін емес болғандықтан, сәулет өнері, қол өнері мен бейнелеу өнерінің көркемдік мүмкіндіктері дәстүрлі мифологиямен, фольклормен табиғи бірлікте қарастырылғаны абзал.

3. Мәдени мұраны теориялық тұрғыдан талдаған уақытта оның тарихи, әлеуметтік, рухани және табиғи алғышарттары ескерілгені дұрыс. Сонда ғана мәдени мұраның болашақ маман үшін мол мүмкіндіктері ашылады деп ойлаймыз.

4. Мәдени мұра өзінің табиғаты жағынан дәстүрлі халықтық шығармамен ұштасатындықтан оның көркемдік мүмкіндіктерін тереңірек ұғу үшін форма мен мазмұн байланыстарын ұштастыратын оның семантикалық сипатын және форманың құрылымдық ұстанымдарын тануға ерекше мән берілгені дұрыс.

Қазіргі таңда Қазақстан мәдениеті үшін екі басты міндет тұр: біріншісі, қазіргі ұрпақ үшін дәстүрлі мәдени мұраны танып білу, меңгеру, игеру және сақтау; екіншісі, оның дамуы мен шындалуы барысында құнарлы топырақтан нәр алған өмір ағашы секілді тамыры берік, топырағы құнарлы болып, жапырағын кең жайып дамуы барысында оны болашақ ұрпақ үшін негізгі нәрін жоймай халық

қолданбалы өнерін жаңаша инновациялық тұрғыдан оқыта отырып мәдени бағдарға айналуы.

Қорыта айтқанда мәдени мұраның дәстүрлі белгілері өзіндік әлем бейнесін құрайды десек, ал әлемдік үлгінің халықтың қолданбалы өнерінің тарихи сұрыпталуы арқылы қалыптасатындығын ескерсек, онда жоғары оқу орындарында студенттерге білім беру барысында мәдени мұра мен халық қолданбалы өнерін жаңаша инновациялық сипатта пайдалану қажет деп санаймыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қалиев С., Арабаев К., Базилов Ж. Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. - Алматы, 1992. -213 б.
2. Назарбаев Н. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында //Егемен Қазақстан, 19 ақпан, 2005 ж.
3. Фейнберг Е.Л. Две культуры. Интуиция и логика в искусстве и науке.- М., 1992.- 129 с.
4. Гюго Виктор. Собор Парижской богоматери: Роман. - Ленинград: Художественная литература, 1989.- 416 с.